

Мемлекеттік (муниципалдық) сатып алу мақсаттары үшін тауарлардың жекелеген түрлерінің шығарылған елін айқындау Қағидаларына өзгерістер енгізу туралы

Еуразиялық экономикалық комиссия Кеңесінің 2024 жылғы 14 мамырдағы № 47 шешімі.

Еуразиялық экономикалық комиссия Кеңесі **шешті**:

1. Еуразиялық экономикалық комиссия Кеңесінің 2020 жылғы 23 қарашадағы № 105 шешімімен бекітілген мемлекеттік (муниципалдық) сатып алу мақсаттары үшін тауарлардың жекелеген түрлерінің шығарылған елін айқындау Қағидаларына қосымшаға сәйкес өзгерістер енгізілсін.

2. Өзгерістердің 3-тармағында көзделген ережелер (осы Шешімге қосымша) осы шешім күшіне енгенге дейін берілген сараптама актілеріне қолданылады.

3. Осы шешім ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік 30 күн өткен соң күшіне енеді.

Еуразиялық экономикалық комиссиясы кеңесінің мүшелері:

Армения Республикасынан М. Григорян	Беларусь Республикасынан И. Петришенко	Қазақстан Республикасынан С. Жұманғарин	Қырғыз Республикасынан А. Қасымалиев	Ресей Федерациясынан А. Оверчук
---	--	---	--	---------------------------------------

Еуразиялық экономикалық
комиссия Кеңесінің
2024 жылғы 14 мамырдағы
№ 47 шешіміне
ҚОСЫМША

Мемлекеттік (муниципалдық) сатып алу мақсаттары үшін тауарлардың жекелеген түрлерінің шығарылған елін айқындау қағидаларына енгізілетін ӨЗГЕРІСТЕР

1. 1-тармақтың бірінші абзацындағы "бір мүше мемлекеттің өнім берушілері басқа мүше мемлекеттің мемлекеттік (муниципалдық) сатып алуларына қатысқан кездегі ұлттық режимнің" деген сөздер "осындай тауарларға, сондай-ақ осындай тауарларды ұсынатын әлеуетті өнім берушілер мен өнім берушілерге басқа мүше мемлекеттегі мемлекеттік (муниципалдық) сатып алуларға қатысқан кездегі ұлттық режимнің" деген сөздермен ауыстырылсын.

2. 9-тармақтың үшінші абзацы "не егер тауар осындай актіні беру күніне осы Қағидаларға № 1 қосымшада көрсетілген өндіріс шарттарына сәйкес келуді тоқтатқан жағдайда неғұрлым қысқа мерзім ішінде" деген сөздермен толықтырылсын.

3. 23 тармақ мынадай мазмұндағы 4 тармақшамен толықтырылсын:

"4) тауардың осы Қағидаларға № 1 қосымшада көрсетілген өндіріс шарттарына сәйкес келмеуі, оның ішінде, егер мұндай өндіріс шарттары сараптама актісін берген

күні қолданыста болса, кезекті күнтізбелік жылға белгіленген балдардың қажетті санына қол жеткізбеуіне байланысты."

4. Ескертпеде көрсетілген Қағидаларға № 2 қосымшада:

"ескерту: сараптама актісі" деген сөздер "ескертпелер: 1. Сараптама актісі";

сөздер "1. Сараптама актісі" деген сөздер "2. Сараптама актісі";

сөздер "2. Актіге" деген сөздер "3. Актіге";

он бірінші – он үшінші абзацтар мынадай редакцияда жазылсын:

"-" актіні ресімдеу (тіркеу) күні" 5-тармағында сараптама актісін ресімдеу (тіркеу) күні көрсетіледі;

- "актінің қолданылу мерзімі" 6-тармағында сараптама актісінің қолданылу мерзімі (актіні ресімдеу (тіркеу) күні және сараптама актісінің қолданылу мерзімінің аяқталу күні көрсетіледі);

- "сарапшы(лар)" 7-тармағында сараптама актісін тікелей ресімдеген Сарапшы(лар) (сараптама актісін жасаған сарапшының қолы, аты-жөні, тегі), сараптама актісі беттерінің саны және сараптама актісін беруге уәкілетті органның (ұйымның) атауы көрсетіледі."

5. Көрсетілген Қағидаларға № 6 қосымшадағы ескертпеде:

"25-тармақтың 1) тармақшасының" деген сөздер "23-тармақтың 1) тармақшасының" деген сөздермен ауыстырылсын;

"25-тармақтың 2) тармақшасының" деген сөздер "23-тармақтың 2) тармақшасының" деген сөздермен ауыстырылсын;

"25-тармақтың 3) тармақшасының" деген сөздер "23-тармақтың 3) тармақшасының" деген сөздермен ауыстырылсын;

мынадай мазмұндағы абзацпен толықтырылсын:

"04" коды – егер Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттердің өнеркәсіптік тауарларының Еуразиялық тізіліміндегі жазбаның күшін жою Қағидалардың 23-тармағының 4-тармақшасы негізінде жүзеге асырылса."